

И.К. Амерханова

С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ

Қазақстан, Астана

(E-mail: indira.amirhanova@mail.ru)

Қазақстан Республикасында отбасылық кәсіпкерлікті дамытудың құқықтық аспектілері

Аннотация. Мақалада отбасылық кәсіпкерлік саласында туындайтын қатынастарды реттеуді қамтамасыз етудің құқықтық тетігін жетілдіру, отбасылық кәсіпкерлікті жүргізуге қатысты өзекті әлеуметтік, кәсіби және стратегиялық мәселелерді тиімді шешу жолдары көрсетілген.

Елімізде отбасылық кәсіпкерлікті дамыту бойынша қоғамға жеке бағдарламалық құжат қажет. Оның басты міндеті отбасылық кәсіпкерлікті дамыту арқылы халықтың әл-ауқатын арттыру болмақ. Зандық құжаттың негізгі мазмұны отбасылық кәсіпорынды құру және тіркеу, оның қызметі, құқықтары мен міндеттері, қызмет еркіндігінің кепілдіктері, қатысушылар мен қызметкерлерді әлеуметтік қорғау сияқты мәселелерді қамтуы мүмкін.

Түйінді сөздер: Отбасылық кәсіпкерлік, шағын және орта бизнес, кәсіпкерлік құқық, азаматтық құқық, заңнама.

И.К.Амерханова

Казахский агротехнический исследовательский университет им. С.Сейфуллин

Казахстан, Астана

E-mail: indira.amirhanova@mail.ru

Основные аспекты развития семейного бизнеса в Республике Казахстан

Аннотация. В статье показаны пути совершенствования правового механизма обеспечения регулирования отношений, возникающих в сфере семейного предпринимательства, для эффективного решения актуальных социальных, профессиональных и стратегических проблем, связанных с ведением семейного предпринимательства.

Обществу необходим отдельный программный документ по развитию семейного предпринимательства в стране. Его главная задача – повышение благосостояния народа за счет развития семейного предпринимательства. Основное содержание правового документа может включать такие вопросы, как создание и регистрация семейного предприятия, его деятельность, права и обязанности, гарантии свободы деятельности, социальная защита участников и работников.

Ключевые слова: Семейный бизнес, малый и средний бизнес, хозяйственное право, гражданское право, законодательство.

I.K. Amerkhanova

S.Seifullin Kazakh Agro Technical Research University

Kazakhstan. Astana

E-mail: indira.amirhanova@mail.ru

Main aspects of family business development in the Republic of Kazakhstan

Abstract. The article shows ways to improve the legal mechanism for regulating relations arising in the sphere of family entrepreneurship for the effective solution of current social, professional and strategic problems related to family entrepreneurship.

Society needs a separate program document on the development of family entrepreneurship in the country. Its main task is to improve the well-being of the people through the development of family entrepreneurship. The main content of the legal document may include such issues as the creation and registration of a family enterprise, its activities, rights and obligations, guarantees of freedom of activity, social protection of participants and employees.

Keywords: Family business, small and medium business, business law, civil law, legislation.

Кіріспе.

Қазақстан Республикасында отбасылық кәсіпкерлік ел экономикасының маңызды сегменті ретінде танылып келеді. Отбасылық бизнесті дамыту тек экономикалық пайда әкеліп қана қоймай, қоғамның әлеуметтік тұрақтылығын арттыруға, жұмыссыздық деңгейін төмендетуге және шағын және орта бизнесті қолдау арқылы ұлттық экономиканың диверсификациясын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Қазақстандағы отбасылық кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың құқықтық аспектілері ерекше назар аударуды талап етеді, себебі осы саладағы құқықтық реттеу кәсіпкерліктің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Соңғы жылдары елде кәсіпкерлікке арналған заңнама дамып, бизнесті жүргізуді жеңілдететін түрлі бағдарламалар мен шаралар енгізілуде. Дегенмен, отбасылық кәсіпкерліктің өзіне тән ерекшеліктері мен оны дамытуда кездесетін кедергілер құқықтық тұрғыдан жеткілікті түрде ескерілмеген.

Осы ғылыми мақалада Қазақстандағы отбасылық кәсіпкерлікті дамытудың құқықтық негіздері мен осы саладағы өзекті мәселелер талқыланады. Сонымен қатар, әлемдік тәжірибені талдай отырып, Қазақстан үшін тиімді құқықтық механизмдер мен ұсыныстар ұсынылады.

Зерттеу мақсаты – Қазақстан Республикасындағы отбасылық кәсіпкерлікті дамыту үшін құқықтық негіздерді талдау және жетілдіру жолдарын анықтау. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін отбасылық кәсіпкерлікті құқықтық тұрғыдан реттеудің қазіргі жағдайын сараптап, осы саладағы мәселелерді анықтау және оларды шешуге бағытталған заңнамалық ұсыныстар әзірлеу көзделеді.

Мақалада зерттеу әдістері жан-жақты қолданылған. Жалпы ғылыми әдістер қатарында талдау мен синтез әдістері отбасылық кәсіпкерліктің құқықтық негіздерін талдау үшін пайдаланылған. Салыстырмалы құқықтық әдіс арқылы Қазақстандағы отбасылық кәсіпкерлікті реттеудің әлемдік тәжірибелермен салыстыруы жүргізілді.

Тарихи әдіс кәсіпкерліктің құқықтық дамуын кезең-кезеңімен қарастыру үшін қолданылды. Сонымен қатар, жүйелік әдіс отбасылық кәсіпкерлікке әсер ететін заңнамалық актілер мен экономикалық факторларды кешенді қарастыруға мүмкіндік берді.

Талқылау. Қазақстанда көптеген жеке кәсіпорындардың тіркелгеніне қарамастан, олардың көпшілігі отбасылық қызмет болып келеді екен. Алайда, қазақстандық заңнама нормалары жеке кәсіпкерлікті қоспағанда, отбасылық кәсіпкерлік ұғымын іс жүзінде қамтымаған. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі (КК) кәсіпкерлер үшін құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайларды анықтай отырып, отбасылық кәсіпкерлікті жүргізу мәселелерін реттейді.

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына арналған «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында, шағын және орта бизнесті қолдаудың маңыздылығына тоқталды. Президент шағын және орта бизнес ел экономикасы мен еңбек нарығының қозғаушы күшіне айналуы тиіс деп атап өткен еді [1].

2015 жылы 29 қазанда қабылданған Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінің 32 бабына сәйкес бірлескен кәсіпкерліктің негізгі нысандары ретінде, ерлі-зайыптылардың ортақ бірлескен меншігі, жұбайлық кәсіпкерлік, отбасылық кәсіпкерлік және жай серіктестік туралы сипатталған. Мұндай формалар тек жақын туыстарының ғана емес, басқа да отбасы мүшелерінің қатысуымен бизнес жүргізу мүмкіндігін білдіреді [2].

Отбасылық бизнес көбінесе дара кәсіпкерлікке қарағанда біршама артықшылықтарға ие. Отбасылық бизнес тұрақты өсуді және бизнесті келесі ұрпаққа қалдыруды мақсат ететін ұзақ мерзімді перспективаға назар аударады, бұл қаржылық тәуекел мен инвестицияға консервативті көзқарасты ынталандырады.

Елімізде мұрагерлік, басқару, мүдделер қақтығысы және басқа да

аспектілер сияқты отбасылық бизнестің типтік мәселелерін шешуге көмектесетін нақты құқықтық база қажет. Бұл отбасылық бизнестің тұрақтылығы мен өсуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ елдің жалпы экономикалық тұрақтылығы мен өркендеуіне ықпал етері еді.

Қазіргі уақытта отбасылық кәсіпкерлік саласындағы заңнамалық база оны одан әрі дамыту шараларын қабылдаумен дамытуды талап етеді. Оның құқықтық салдары отбасылық кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік саясатты тиімді іске асыру үшін құқықтық негізді қамтамасыз етуге бағытталған заңнаманы жетілдіруді қамтуы тиіс.

Егерде, Елімізде Отбасылық кәсіпкерлікті дамыту қолға алынса, әлеуметтік-экономикалық салдары кәсіпкерлікті дамытуды жандандыруды, отбасылық кәсіпкерлік саласында жұмыс істейтін азаматтардың тиімділігін арттыруды, осы салада сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау жағдайларын жоюды, отбасылық кәсіпорынның ел экономикасының дамуына және оның бәсекеге қабілеттілігін одан әрі арттыруға үлесін қосары сөзсіз.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік, Еңбек, Азаматтық, Әкімшілік, Бюджет және Салық кодекстеріне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Бәсекелестік туралы», «Бәсекелестік және монополиялық қызметті шектеу туралы» Қазақстан Республикасының заңдары және басқа да құқықтық актілерді негізге ала отырып «Қазақстан Республикасындағы отбасылық кәсіпкерлік туралы» туралы Заң жобасын қабылдау заман талабы деп білеміз.

«Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № 250 қаулысымен реттеледі. Осы салаға қатысты күші жойылған заңдар «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы» және «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары болып табылады. Аталмыш заңдарда, Қазақстан

Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту проблемалары мен дамытудың үрдістері, тәсілдері туралы айтылған [3].

Отбасылық бизнеске халықаралық тәжірибе бойынша тоқталып өтетін болсақ:

Отбасылық бизнес әсіресе Еуропада кең тараған. Еуропа елдері үшін компаниялардың бұл бірегей санаты экономикада маңызды рөл атқарады. Қазіргі уақытта Еуропалық Одақтың ұлттық қауымдастықтарының Еуропалық федерациясының мәліметтері бойынша - Еуропалық отбасылық бизнес (отбасылық ұйымдардың ұзақ мерзімді мүдделерін білдіреді) Еуропа елдерінің ЖІӨ-нің шамамен 50%-ын осы отбасылық кәсіпкерлік бағдарлама аясында өндірілген өнімдер құрайды. Еуропада 14 миллионнан астам отбасылық бизнес жұмыс істейді, олар 60 миллион жеке секторды жұмыспен қамтамасыз етеді. Еуропадағы қызметтің ең кең тараған бағыттары көтерме және бөлшек сауда, құрылыс, әкімшілік және қосалқы қызметтер, тұру және қоғамдық тамақтану қызметтері болып табылады [4].

Еуропалық Одақтың ресми сайтында ұсынылған отбасылық бизнестің анықтамасы келесі тармақтарды қамтиды:

– шешім қабылдау құқықтарының басым бөлігі серіктестіктің негізін қалаған жеке тұлғада немесе серіктестіктің жарғылық капиталын сатып алған жеке тұлғаның иелігінде немесе олардың жұбайының, ата-анасының немесе балаларының иелігінде болса;

– отбасы өкілдері компанияны басқаруға ресми түрде қатысуға міндетті.

Чехия мемлекетінде Отбасылық кәсіпорын - бұл тек субъектілік құрамы бойынша жіктелетін чех кәсіпкерлігінің бірегей ұйымдық-құқықтық нысаны. Отбасылық кәсіпкерлікпен айналысатын барлық тұлғалардың – туыстарының және отбасының басқа мүшелерінің құқықтық қатынастары мен құқықтарын анықтайтын қажетті құқықтық база болғанымен, көптеген мәселелерді шеше алмады.

03.02.2012 жылы №18/2012 Чех Республикасының Азаматтық кодексіне жаңа отбасылық кәсіпкерлік институты

туралы баптар енгізіліпді. Отбасылық кәсіпорын заң күші бойынша автоматты түрде ұйымдастырылған, бұл мемлекеттік тіркеуді талап етпейді және ол заңды тұлға болып саналмайды, бұл да оның әрекет қабілеттілігінің жоқтығын анықтайды. Чехия Республикасындағы Отбасылық кәсіпкерлікке қатысушыларға берілген кейбір құқықтарды атап өтер болсақ:

- кәсіпорынның пайдасына жұмсалған еңбектің мөлшері мен түрінен, сондай-ақ оның өсімінен немесе оның кірісінен алынған заттарынан есептелген кірістің бір бөлігін алу құқығы;
- кәсіпорынды иеліктен шығару кезіндегі артықшылық құқығы;
- кез келген уақытта отбасылық кәсіпорыннан шығу құқығы;
- отбасылық кәсіптен кеткен жағдайда төлеу құқығы.

Кәсіпорын қызметінің маңызды мәселелері отбасы мүшелерінің көпшілік дауысымен шешіледі. Яғни, мысалы, оның иесі немесе ортақ иесі болып табылатын отбасы мүшесіне мұндай мәселелерді шешуде артықшылық берілмейді, яғни ол оларды жеке шеше алмайды.

Отбасылық кәсіпорынның барлық қатысушылары оның қызметінен түскен кірістерді декларациялауға құқылы және бұл үшін арнайы рұқсат талап етілмейді. Бұл бірқатар преференциялар мен салық шегерімдерін алу мүмкіндігі жағдайында кәсіпорынға қатысушыларға да, мемлекетке де тиімді.

Осылайша, Чехия заңнамасында отбасылық бизнеске қатысушының да мүдделерін де, отбасылық кәсіпорынның мүдделерін де ескеретін және үлкен қызығушылық тудыратын отбасылық бизнес туралы арнайы құқықтық норманың болуы туралы айтуға болады. Отбасылық бизнеске қатысу туралы баптың контекстіндегі ережелер қажетсіз бюрократиялық рәсімдерді немесе мұрагерлік құқық пен отбасы құқығының нормаларына қайшылықтар туғызбай, құқық жүйесіне үйлесімді түрде біріктірілген [5].

Сонымен қатар, ерлі-зайыптылардың мүлкін бөлу кезінде отбасылық кәсіпкерлікке қатысушылардың

әрқайсысының жеке мәлімделген табысы сөзсіз артықшылық болып табылады.

Словакия Республикасының отбасылық заңнамасында кәсіпорынды кәсіпкерліктің жеке ұйымдық-құқықтық нысаны ретінде анықтайтын арнайы ережелер жоқ. Словакия Республикасында отбасылық кәсіпкерлікке қатысты арнайы ереже жоқ. Бұл анықтаманың жалғыз тұсы Словакия Республикасының Ауыл шаруашылығы және ауылдық даму министрлігінің өтеусіз қаржылық жарнаны тіркеуге байланысты құжаттамасында табылды. Бұл құжат тек отбасылық фермерді анықтайды:

- өзін-өзі жұмыспен қамтыған фермер, жеке тұлға;
- Еуропалық комиссияның ережелерінде микро немесе шағын кәсіпорынның шарттарына сәйкес келетін тұлға;

- Словакия Республикасының Сауда кодексінің §2, 1-тармағының ережесінде кәсіпорын ретінде ауыл шаруашылығы өндірісін жүзеге асыратын тұлға;

- тікелей немесе жанама түрде, оның ішінде Азаматтық кодекстің мағынасында еңбек кодексіне сәйкес апта сайынғы белгіленген жұмыс уақытында еңбек қатынастарында болатын кемінде екі отбасы мүшесін жұмысқа алатын адам деп көрсетілген.

Дегенмен, бұл анықтама азаматтық құқықтың негізгі ережелері – Азаматтық кодекс пен Отбасы туралы заңда қамтылған жалпы ұғымдарға да негізделген.

Сонымен қатар, отбасылық кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мақсатында Словакия Бизнес агенттігі Словакия Республикасының Экономика министрлігімен бірлесіп «Отбасылық кәсіпкерлікті қолдаудың 2017-2020 жылдарға арналған схемасы» құжатын дайындады. Осы нормативтік құқықтық актінің мақсаттарын іске асыру үшін отбасы кәсіпкерлігінің тұрақты дамуы үшін жағдайларды жақсартуға бағытталған бірқатар шараларды айқындайды. Осы шеңберде отбасылық кәсіпорын анықтамасына сәйкес келетін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері қолдауға (бірлесіп қаржыландырусыз), мысалы,

кәсіби кеңес беру қызметтеріне, талдауларға, зерттеулерге, нарықты зерттеуге, кәсіпорынның жағдайын жақсарту бойынша шараларға ұсыныстарға өтініш бере алады. Нарықтағы отбасылық бизнес, отбасылық бизнес тақырыбына арналған семинарларға, тренингтерге, лекцияларға және т.б. қатысу, сондай-ақ жәрмеңкелерге, конференцияларға және басқа да халықаралық іс-шараларға қатысуға байланысты шығындарды өтеу [6].

Словакиядағы «Отбасылық кәсіпкерлікті қолдаудың 2017-2020 жылдарға арналған бағдарламасының» мақсаттары үшін отбасылық кәсіпорын – туыстық туысқан немесе сот шешімімен/заңмен бір отбасының (асырап алу, неке) мүшелері деп танылған тұлғалар тобы немесе бір-бірімен жеке, өзара байланыстары бар және осы ортақ қатынастарға мүдделі, өзара тәуелділік туғызады және келесі іскерлік жағдайлардың кем дегенде біреуін қанағаттандырады:

Отбасылық кәсіпкерліктің бір немесе бірнеше мүшесі кәсіпкерліктің акцияларының, дауыстарының немесе қатысу үлестерінің 50%-дан астамына ие болады.

Отбасылық кәсіпкерліктің бір немесе бірнеше мүшесі басқа иесіне өз еркін жүктей алатындай үлеске, дауыс санына немесе акцияларға ие болады. Бір немесе бірнеше мүшелер кәсіпорында бақылау функцияларын орындайды және басқа меншік иелерінің жұмыстарына әсер ете алады [6].

Бір немесе бірнеше мүше кәсіпорында басқару функцияларын орындайды және басқа меншік иелеріне әсер ете алады.

Словакияның бірқатар заңдарында жеке отбасы мүшелеріне еңбек қатынастары контекстінде кейбір өзгертулер енгізілді. Мысалы, жалғыз қатысушысы жеке тұлға болып табылатын (ереже 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілген) жеке кәсіпкер немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестікте отбасының жекелеген мүшелері ресми еңбек қатынастарына түспей-ақ жұмыс

атқара алады.

Бұл жерде кәсіпкердің тікелей туыстары, аға-әпкелері, жұбайлары туралы болып отыр. Сонымен қатар, ресми еңбек қатынастарының жоқтығына қарамастан, бұл адамдар зейнетақы сақтандыру жүйесіне қатысады және 26 жасқа дейін мектеп оқушылары немесе оқу орындарының студенттері бола алады.

Мұндай болжамдар шағын және орта кәсіпкерлерге бюрократиялық формальдылықты айналып өтіп, отбасы мүшелерін жұмысқа тартуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Словакияның коммерциялық қызметті лицензиялау туралы заңнамасының нормаларына сәйкес, жұбайы, ағасы немесе әпкесі немесе тікелей туысы болып табылатын жауапты өкіл (негізінен оның иесінің мүддесі үшін бизнесті жүргізетін менеджер) кәсіпкермен ресми еңбек қатынасына түсу арқылы жұмыс атқара алады. Осылайша, қарастырылып отырған қатынастар контекстінде Словакияның құқықтық тәртібінде жеке мүдделер саласы қорғалады және қазіргі құқықтық қатынастар жүйесіне бағынады деп айта аламыз. Отбасылық кәсіпорындар қолданыстағы құқықтық жүйеде теңгерімсіздік тудырмайды, ал оңайлатылған жұмыспен қамту режимі отбасылық кәсіпкерліктің шектен тыс бюрократизациялануын болдырмайды, және де елдің дамуына ықпал етеді.

Румыния заңнамасына сәйкес, отбасылық кәсіпорын - бұл заңды тұлға құрмай, кемінде екі отбасы мүшесі құрған коммерциялық кәсіпорын. Сонымен қатар, ол Румынияның коммерциялық тізілімінде тіркелген бизнес. 2008 жылға дейін бұл ұйымдық-құқықтық нысан отбасылық бірлестік деп аталды.

Венгриядағыдай, құрылтайшылық құжаттарды Румынияның Сауда тізіліміне тапсыру арқылы отбасылық кәсіпті тіркеу қажет, содан кейін үш жұмыс күні ішінде бірқатар қажетті мәліметтерді – орналасқан жерін, түрін көрсете отырып, тіркеу куәлігі беріледі.

Орны немесе қызмет түрі өзгерген жағдайда кәсіпорын тиісті тәртіппен

сертификатта қажетті өзгерістерді ресімдеуге міндетті. Кәсіпорынды құру отбасы мүшелерінің арасында жеке жарналар (отбасылық кәсіпорынның меншікті мүлкі/жарғылық капиталы жоқ), кірістер мен шығыстарды бөлу, шығу жағдайлары, еңбек қатынастарын реттеу нормалары туралы жазбаша келісім жасау арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар өкіл бухгалтерлік есепті бір жазбалы бухгалтерлік есеп жүйесін пайдалана отырып жүргізеді, яғни дәстүрлі дебеттік-кредиттік жүйеден айырмашылығы, операцияларды жазу үшін бір ғана жазба жасалады.

Құрылтай шарты барлық қатысушылардың жеке басын куәландыратын мәліметтерді қамтуы керек. Отбасылық кәсіпорынның мүшелері болып құрылтай шартына қол қойған ерлі-зайыптылар, оны тіркеу кезінде 16 жасқа толған олардың балалары, сондай-ақ туыстықтың төртінші дәрежесіне дейінгі басқа да туыстары мен қайын ағалары жатады. Бұрын талқыланған құқықтық жүйелердегідей, отбасылық кәсіпорынға қатысу құқығы жеке сипатқа ие және оны отбасы шеңберінен тыс беруге болмайды. Пайда мен залалды бөлу құрылтай құжаттарымен қамтамасыз етілген қатысу үлесіне пропорционалды түрде жүргізіледі. Отбасылық кәсіпкерліктің қарыздары бойынша бірлескен жауапкершілікке ұйымның қызметіне бөлінген қаражаттар да, жеке жарналар да жатады. Операциялық қызмет мәселелері өкілдің құзыретіне жатады, ал серіктестіктің мүлкіне билік ету актив иесінің міндетті қатысуымен көпшілік шешімі арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, егер мәселе компанияға тиесілі активтерге емес, жаңаларын кәсіпорынның қызметіне бөлінген немесе шарт жасасқан кезде оның қарамағында болған капиталдан сатып алуға қатысты болса, онда көпшіліктің шешімі талап етілмейді және егер сатып алынған активтің құны жартысынан аз болса, өкіл өз шешімін қабылдауға құқылы. Сатып алынған мүлікке меншік құқығын бөлу отбасылық кәсіпорынға қатысушылардың үлестеріне

пропорционалды түрде жүргізіледі.

Румынияда әрекет ететін салықтың ашықтық принципі отбасылық бизнестің барлық қатысушыларының салық жарналарын (табыс салығы, зейнетақы, әлеуметтік аударымдар және т.б.) дербес төлеуін талап етеді. Отбасылық кәсіпорынның шарттық құқық қабілеттілігі нарықтың басқа субъектілерімен (жеке және заңды тұлғалармен, басқа да отбасылық кәсіпкерлікпен және т.б.) шарттық қатынастарға түсу құқығын болжайды, бірақ үшінші тұлғаларды жұмысқа тарту құқықтарымен шектеледі.

Қорытынды. Сонымен, Қазақстан Республика Үкіметінің 2018 жылы 13 қарашада қабылданған «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы» аясында шағын және орта бизнесті дамыту үшін 568 мыңнан аса адам шағын несие алған екен. Елімізде «Даму», «Атамекен» атты Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлік палатасы кәсіпкерлікпен айналысамын деушілерге қолайлы құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағдайларды қамтамасыз ете отырып, шағын және орта бизнесті дамыту үшін мемлекетіміз тарапынан бір жүйеге келтіріп заң жобасын іске асыру орынды деп санайды. Шын мәнінде еліміздегі орта және шағын отбасылық бизнес түрлері өте көп. Ірі бизнес бастаулары да, жаңа идеяларда осы шағын отбасылық бизнестерден туындайтыны анық. Сондықтанда, Қазақстан Республикасында отбасылық кәсіпкерлікті дамытудың құқықтық аспектілерін жетілдіру жолдары әлі де зерттеу жұмысын қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет Басшысының 2019 жылы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1900002019> (қаралған күні 01.10.2024)
2. 2015 жылы 29 қазанда қабылданған Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375> (қаралған күні 01.10.2024)
3. «Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № 250 қаулысы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000250> (қаралған күні 01.10.2024)
4. Минеева Т. Семейный бизнес. Опыт Европы <http://xn--80aaahoa5ahd3cb4ktb.xn--p1ai/semeynyj-biznes-opyt-evropy/> (қаралған күні 30.09.2024)
5. Гражданский кодекс № 89/2012 от 03.02.2012 г. (с изменениями, внесенными Законом № 163/2020), Чешская Республика <https://www.wipo.int/wipolex/ru/legislation/details/20142> (қаралған күні 30.09.2024)
6. Тельшев В.В. Практика применения специальных норм для семейного предприятия в системе права зарубежных стран // ОБРАЗОВАНИЕ И ПРАВО № 6 • 2020 (қаралған күні 30.09.2024)

Reference

1. Memleket Basshysynyn 2019 zhyly 2 kyrkujektegi «Syndarly kogamdyk dialog – Kazakstannyn turaktylygy men orkendeuinin negizi» atty Kazakstan khalkyna Zholdauy <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1900002019> (karalghan kuni 01.10.2024)
2. 2015 zhyly 29 kazanda kabyldangan Kazakstan Respublikasynyn Kәsipkerlik Kodeksi <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375> (karalghan kuni 01.10.2024)
3. «Kazakstan Respublikasynda shagyn zhәne orta kәsipkerlikti damytudyn 2030 zhyлга dejingi tuzhyrymdamasyn bekitu turaly» Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2022 zhylygy 27 sәuirdegi № 250 kaulysy <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000250> (karalghan kuni 01.10.2024)
4. Mineeva T. Semeynyj biznes. Opyt Evropy <http://xn--80aaahoa5ahd3cb4ktb.xn--p1ai/semeynyj-biznes-opyt-evropy/> (karalghan kuni 30.09.2024)
5. Grazhdanskij kodeks № 89/2012 ot 03.02.2012 g. (s izmeneniyami, vnesennymi Zakonom № 163/2020), Cheshskaya Respublika <https://www.wipo.int/wipolex/ru/legislation/details/20142> (karalghan kuni 30.09.2024)
6. Telyshev V.V. Praktika primeneniya special'nykh norm dlya semejnogo predpriyatiya v sisteme prava zarubezhnykh stran // OBRAZOVANIE I PRAVO № 6 • 2020 (karalghan kuni 30.09.2024)

Автор туралы мәлімет/Сведение об авторе/Information about the author

Амерханова И.К. – С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ, Экономика кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы, Астана қ, Қазақстан Республикасы.
E-mail: indira_amirhanova@mail.ru

Амерханова И.К. – PhD, Старший преподаватель, КАТИУ им.С.Сейфуллина, г.Астана, Казахстан
E-mail: indira_amirhanova@mail.ru

Amerkhanova I.K. – PhD, Senior Lecturer, S. Seifullin KATRU, Astana. Kazakhstan
E-mail: indira_amirhanova@mail.ru